Инновациялық Еуразия университетінің
Жоғары колледжі директорының
бұйрығымен бекітілген
"09" 05 2021ж
№ 1-05/12

Инновациялық Еуразия Университетінің жоғары колледжінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

1. **Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді және қоғамдық қатынастардың келесі салаларында тыйым салу, шектеу және рұқсат беру жүйесін білдіреді:**
1) білім беру;
2) дене шынықтыру және спорт.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың әзірлеушісі: Инновациялық Еуразия Университетінің Жоғары колледжі.

3. Қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары:

3.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:
1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, орталық атқарушы органдар басшыларының бұйрықтарын, сондай-ақ мекеменің жарғысын басшылыққа алуға міндетті;
2) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;
3) заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде құзыреті шеңберінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге міндетті;
4) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен жұртшылық қызметін жақсарту үшін пайдалануға міндетті;
5) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік және азаматтық қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға тиіс;
6) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға тиіс;
7) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға міндетті.

3**.2 Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді даярлау және қабылдау кезінде**:

1) тікелей қарамағындағы немесе тікелей басшыға мүдделер қақтығысының орын алғаны туралы, қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі жеке қызығушылық, сыбайлас жемқорлыққа бейімделуі және сыйлықтар алуы туралы баяндауы;
2) лауазымдық міндеттерді атқару кезінде жеке және пайдакүнемдік қызығушылықтарды басшылыққа алмауы;
3) өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың бейтарап қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштермен әріптестері мен басшыларына жүгінуден аулақ болуға міндетті;4) әріптестер және басшылармен орнатылған қарым-қатынас тәртібін бұзатын, олардың әділ қызметтік шешім қабылдауына әсерін тигізетін заңсыз өтініштер білдіруден тартынуы;
5) сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарын жасауға басқа тұлғаларды бейімдемеу және ынталандырмауы;
6) лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты сыйлықтар қабылдамауға міндетті;
7) егер лауазым жақын туыстық (ата-анасы, жұбайы, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары) қатынастарда тұрған адамдарға тікелей бағыныстылыққа немесе олардың бақылауына байланысты болса, оны тағайындаудан бас тартуға құқылы;
8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенділік таныту;
9) белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай – ақ материалдарды тездетіп қарағаны немесе әуре-сарсаңға салғаны үшін қандай да бір пайда алуға бейімділігі туралы басшылыққа дереу баяндауға міндетті;
10) тікелей басшыға орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндетті;
11) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшыға жүгіну қажет;
12) әріптестерінен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету;
13) мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және олардың салдарының ықтимал туындауының себептері мен жағдайларын жою бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау;
14) кірістер алумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге көмек көрсетуден бас тартуға құқылы
15) үшінші тұлғалардың мүдделерін ұсыну немесе қолдау көрсетуден, сондай-ақ олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан аулақ болу

3.3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мекеме басшысына және лауазымды тұлғаларына:
1) Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;
2) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беруге міндетті:
3) әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз етуге міндетті;
4) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етуге міндетті;
5) отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтіндей шамада қолдау көрсету;
6) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

7)ықтимал өнім берушіні таңдау кезінде шешім қабылдау құқығына ие не өткізілетін мемлекеттік сатып алуда тапсырыс берушінің өкілдері немесе мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар болып табылатын осы әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының және(немесе) осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуына жол бермеуге;
8) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және бірыңғай борышкерлер тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеуге міндетті

3.4. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде мекеме басшылары мен лауазымды тұлғаларына:

1) тағайындау материалдарын қараудың белгіленген мерзімдерін сақтауға міндетті;
2) меритократия қағидатын басшылыққа алу, туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу;
3) азаматтық қызметке/ мекемеге жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды тұлғаларға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;
4) кадрларды іріктеу, оның ішінде азаматтық қызметке кіру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті;
5) қызметкерлердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;
6) мекемеге жұмысқа орналасу кезінде үміткерлерден еңбек шартын жасасуға қатысы жоқ құжаттарды талап етпеуге;
7) мекеме қызметкерлеріне қатысты қызметтік тексерістерді әділ және жан-жақты жүргізуге міндетті.

3.5. Басшыларға бағынышты қызметкерлермен қарым-қатынаста болу ұсынылады

1) өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, риясыздықтың, адалдықтың және сатылмаушылықтың үлгісі болуға тиіс;
2) кадр мәселелерін шешу кезінде меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуге міндетті;
3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға міндетті;
4) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға тиіс;
5) құқыққа қарсы әрекеттерді, сондай – ақ жалпы қабылданған моральдық-этникалық нормаларға сыйыспайтын әрекеттер жасауға мәжбүрлемеуге;
6) қарамағындағы лауазымды тұлғалар арасында еңбек жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермеу;
7) нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеуге міндетті.

3.6. Басшыларымен қарым-қатынаста бағыныштыларға ұсынылады:

1) Тапсырмаларды орындау кезінде тек объективті және анық мәліметтер беруге, басқа да қызметкерлер, контрагенттер немесе өзге де тұлғалар әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық туралы өздеріне мәлім болған жағдайларда басшылықты дереу хабардар етуге міндетті;
2) басшылыққа қатысты жеке берілгендікке, олардың лауазымдық мүмкіндіктері есебінен пайда мен артықшылықтар алуға ұмтылуға жол бермеуге міндетті.

3.7. Педагогикалық қызметкерлер мен өзге де қызметкерлердің колледж білім алушыларымен өзара қарым-қатынасы кезінде төмендегілер ұсынылады::

1) сөйлеу мәдениетін сақтауға, балалардың, ата-аналардың(заңды өкілдердің), басқа да бөгде адамдардың қатысуымен қарғыс айтуға, күш қолдануға жол бермеуге міндетті;
2) осы жұмысты жалғастырумен сыйыспайтын өнегесіз әрекеттер жасамауға; ;
3) балалардың өз ата-аналары туралы айтқан пікірін немесе ата-аналарының балалар туралы пікірін жария етпеуге міндетті;
4) педагог қызметкерлердің білім алушылармен қарым-қатынасына және олардың бағасына олардың ата-аналарының жеке өзіне немесе колледжге көрсететін қолдауы әсер етпеуі тиіс.
5) үлгерімнің жоғары бағасын алуға әсер ететін білім алушылардан жеке мүліктік пайда, игіліктер сатып алу бойынша іс-әрекеттер жасамауға міндетті;
6) білім алушылар мен ата-аналардан(заңды өкілдерден) кез келген сылтаумен ақшалай қаражат жинауды жүзеге асырмауға міндетті.

3.8. Өмір сүру саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын басқа қатынастар кезінде:

1) жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға міндетті;
2) еңбек тәртібін және қызметтік әдепті сақтауға міндетті;
3) білім беру, дене шынықтыру және спорт салаларындағы мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін, сондай-ақ мекеме қызметінің тиімділігіне кедергі жасайтын немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұруға міндетті;
4) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;
5) әріптестердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауы барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі түбегейлі шараларды уақтылы қабылдауға міндетті;
6) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түбегейлі шаралар қабылдау;
7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, оның ішінде қарамағындағылармен;
8) жоғары тұрған не төмен тұрған не қызметі немесе жұмысы бойынша өзімен өзгеше тәуелділікте болатын лауазымды адаммен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспауға;
9) қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін қарамағындағы қызметкерлерді тартуға жол бермеу;
10) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, колледж мүлкін тек қызметтік мақсатта пайдалану, қызметтік автокөлік құралдарын, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті жеке мақсатта пайдаланбау.